

"Тұқым шаруашылығы туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуды жою туралы нұсқаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндеттерін атқарушының 2011 жылғы 15 маусымдағы № 06-2/331 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 4-2/861 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 29 қазанда № 12211 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 23 ақпандағы № 83 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.02.2017 № 83 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тұқым шаруашылығы туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуды жою туралы нұсқаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндеттерін атқарушының 2011 жылғы 15 маусымдағы № 06-2/331 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7061 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2011 жылғы 3 қыркүйектегі № 409-413 (26807) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа

басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 28 қыркүйектегі
№ 4-2/861 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндеттерін атқарушының
2011 жылғы 15 маусымдағы
№ 06-2/331 бұйрығына
2-қосымша

Нысан

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама _____

(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың

_____ жергілікті атқарушы органының толық атауы)

№ _____ 20 _____ жылғы " _____ " _____

(объектінің орналасқан жері (ауыл, кент, қала)

1. Хаттаманы жасаған лауазымды адамның тегі мен аты-жөні

2. Өзіне қатысты іс қозғалған адам туралы мәлімет:

(жеке тұлға үшін: тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда),

туған күні, тұрғылықты жері, жеке басты куәландыратын құжаттың

атауы мен деректемесі, жеке сәйкестендіру

нөмірі, тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы мәлімет, жұмыс орны;

заңды тұлғалар үшін: толық атауы, орналасқан жері,

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеудің (қайта тіркеудің) нөмірі мен күні,

бизнес - сәйкестендіру нөмірі және банктік деректемелері)

3. Әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалу орны, уақыты және мәні

4. Қаралып жатқан іс бойынша іс жүргізу тілін анықтау

(мемлекеттік тіл, орыс тілі немесе басқа тілдер)

5. "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) _____ бабында (баптарында) көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасалды. (бұдан әрі – Кодекс).

6. Куәлар _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда),

тұрғылықты жері, телефоны)

Куәларға Кодекстің 754-бабында көзделген олардың құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Жәбірленушілер, егер олар бар болса _____

7. Өзіне қатысты іс қозғалған жеке тұлғаның не заңды тұлға өкілінің түсініктемесі _____

Өзіне қатысты іс қозғалған адамға Кодекстің 744-бабында көзделген оның құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Хаттамамен таныстым _____

(өзіне қатысты іс қозғалған жеке тұлғаның не заңды тұлға өкілінің қолы)

Хаттаманың мазмұны бойынша түсініктемелер мен ескертулер _____

Хаттамамен келісемін, келіспеймін _____

(егер келіспесеңіз, қол қоюдан бас тарту себебін жазыңыз)

8. Өзге де мәліметтер _____

9. Осы іс бойынша шешімді мынадай мекенжайда орналасқан _____

(мерзімі, уақыты)

_____ уәкілетті органның лауазымды адамы

(уәкілетті органның толық атауы, лауазымды адамның (тегі, аты, әкесінің аты

(бар болған жағдайда), лауазымы)

қабылдайтыны туралы хабардар етілдім.

Қолдары:

Хаттаманы жасаған адам _____

Өзіне қатысты іс қозғалған адам _____

Куәлар _____

— Жәбірленушілер, егер бар болса _____

Қолхат

Хаттаманың көшірмесін алдым

_____ 20__ жылғы "___" _____

— (өзіне қатысты іс қозғалған адамның қолы)

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 28 қыркүйектегі
№ 4-2/861 бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндеттерін атқарушының
2011 жылғы 15 маусымдағы
№ 06-2/331 бұйрығына
3-қосымша

Нысан

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы

20__ жылғы "___" _____

— (елді мекен)

Уәкілетті адам _____

— (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда),

_____ лауазымы, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және

— астананың жергілікті атқарушы органының толық атауы)

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 729, 821, 822-баптарына сәйкес, жеке (заңды) тұлға

— (жеке тұлға үшін: тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда),

туған күні, тұрғылықты жері, жеке басты куәландыратын құжаттың

атауы мен деректемесі, жеке сәйкестендіру

нөмірі, тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы мәлімет, жұмыс орны;

заңды тұлғалар үшін: толық атауы, орналасқан жері,

заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеудің нөмірі мен күні,

бизнес-сәйкестендіру нөмірі және банктік деректемелері)
жасаған құқық бұзушылық туралы әкімшілік іс жүргізу материалын қарап,
Кодекстің _____ баптарын мынадай түрде бұзғаны үшін _____

әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалу орны, уақыты және мәні)

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ

Қаралып жатқан іс бойынша іс жүргізу тілі анықталсын:

(мемлекеттік тіл, орыс тілі немесе басқа тілдер)

Жеке (заңды) тұлғаға _____
(жеке тұлғаның (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда),

немесе заңды тұлғаның толық атауы)

мынадай сомада айыппұл салынсын (ескерту берілсін) _____

(айыппұл сомасы (жазбаша)

Кодекстің 893-бабына сәйкес жоғарыда көрсетілген айыппұлды банктің № _____ есеп-шотына қаулы заңды күшіне енген күннен бастап отыз тәуліктен кешіктірмей енгізуді және жазбаша нысанда хабарлау қажеттігін хабарлаймын.

Айыппұл белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда Кодекстің 894, 895-баптарының ережелері қолданылады.

Осы қаулы бойынша Кодекстің 831, 832-баптарына сәйкес қаулының көшірмесі тапсырылған күннен бастап он тәулік ішінде жоғары органға (лауазымды адамға), прокуратураға немесе сотқа шағымдануға болады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының басшысы немесе оның орынбасары (керегінің астын сызу қажет) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда),

қолы)

20 ____ жылғы " ____ " _____

Қолхат

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы маған жария етілді және оның көшірмесін алдым. _____

(құқық бұзушының қолы)

20 ____ жылғы " ____ " _____